

**«АЛМАТЫЭНЕРГОСБЫТ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
(«АЛМАТЫЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС) бірінші облигациялар
шығарылымының проспекті**

900 000 000 купондық облигация

“Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстар беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген уәкілетті орган осы құжатта мазмұндалған ақпараттың шынайылығына жауапкершілік көтермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектіде мазмұндалған ақпараттың растығына жауапкершілік көтереді және онда ұсынылған барлық ақпараттың дұрыстығын және эмитентке және оның облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтындығын растайды

Алматы, 2008 ж.

I. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР.....	4
2. Эмитенттің атауы.....	4
3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.....	4
4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі.....	4
5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсінің нөмірі, электрондық поштасы туралы ақпарат.....	4
6. Эмитенттің банктік деректемелері.....	4
7. Эмитенттің қызмет түрлері.....	4
8. Эмитентке немесе онымен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерімен берілген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер.....	5
9. Эмитенттің барлық филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері және пошталық мекен-жайлары.....	5
10. Соңғы үш аяқталған қаржы жылы ішінде эмитенттің қаржылық есебінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні, болса, әкесінің аты), олардың тиісті алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсету қажет.....	5
11. Эмитенттің корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күні.....	5
II. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ.....	6
12. Басқару органдарының құрылымы.....	6
13. Эмитенттің Директорлар кеңесінің (бақылаушы кеңесінің) мүшелері.....	7
14. Эмитенттің атқарушы органы.....	7
15. Егер Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) табысталса.....	8
16. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органының мүшелеріне және Эмитенттің басқа басқарушы тұлғаларына төленген сыйақылар.....	8
17. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.....	8
III. ЭМИТЕНТТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ (ҚАТЫСУШЫЛАРЫ) ЖӘНЕ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ.....	9
18. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары).....	9
19. Эмитент акциялардың (үлестердің) он және одан артық пайызына ие заңды тұлғалар туралы мәліметтер.....	9
20. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.....	9
21. Эмитенттің басқа аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер.....	9
22. 2007 жылы аффилиирленген тұлғалармен жасалған мәмілелер.....	11
IV. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ.....	12
23. Эмитент қызметіндегі жалпы үрдістердің, сонымен қатар Эмитенттің негізгі қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы.....	12
24. Эмитент қызметіне елеулі әсерін тигізуі мүмкін эмитентпен жасалған келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер.....	17
25. Эмитенттің қызметін атқару үшін алынған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар туралы мәліметтер.....	17
26. Соңғы екі жыл ішіндегі немесе Эмитент нақты қызмет атқарған кезең ішіндегі сатылған өнімдердің (атқарылған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) көлемі.....	17
27. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.....	18
28. Эмитенттің өз өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) өткізуді ұйымдастыру бойынша қызметі.....	18
29. Эмитенттің қызметіне әсер ететін негізгі факторлар.....	20
V. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	22
30. Баланстық құны материалдық емес активтердің (МЕА) жалпы баланстық құнының бес және одан да көп пайызын құрайтын материалдық емес активтердің түрлері.....	22
31. Баланстық құны негізгі құралдардың жалпы баланстық құнының бес және одан да көп пайызын құрайтын негізгі құралдардың түрлері.....	22
32. Эмитенттің инвестициялары.....	23
33. Дебиторлық берешек.....	23
34. Эмитенттің жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер.....	23
35. Эмитенттің заемдері.....	23
36. Эмитенттің негізгі қызметті атқарумен байланысты кредиторлық берешегі (жеткізушілердің алдындағы қарызы, алынған аванстар).....	23
VI. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.....	24
37. Облигацияларды шығару туралы шешім қабылдағанға дейін Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдарын көрсету.....	24
VII. ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.....	24

38. Облигациялар туралы мәліметтер	24
39. Айырбасталатын облигациялар	26
40. Облигацияларды орналастыру әдісі	26
41. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану	26
VIII. ҚОСЫМША АҚПАРАТ	28
42. Облигациялар айналымындағы шектеулер	28
43. Облигацияларды шығаруға Эмитент жұмсаған шығындар сомасы және осы шығындардың төленетін әдісі туралы мәліметтер	28
44. Инвесторлар Эмитент жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымының проспектісімен, облигацияларды орналастыру нәтижелері туралы есеппен таныса алатын жерлер туралы ақпарат	28

I Эмитенттің ұйымдық құрылымы

I. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

2. Эмитенттің атауы

1.1-кесте. Эмитенттің атауы

Атауы	Толық	Қысқартылған
Қазақ тілінде	«Алматыэнергосбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Алматыэнергосбыт» ЖШС
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью «Алматыэнергосбыт»	ТОО «Алматыэнергосбыт»
Ағылшын тілінде	«AlmatyEnergoSbyt» Limited Liability Partnership	«AlmatyEnergoSbyt» LLP

Эмитенттің атауы өзгертілген жоқ.

Эмитент заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған жоқ.

3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

Эмитентті мемлекеттік тіркеу Алматы қаласының Әділет Департаментімен жүргізілді, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 78253-1910-ЖШС 05.06.2006 жылы берілді.

Код ОКПО: 40820865

4. ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 28 мамырдағы № 155 қаулысына сәйкес қажет етілмейді.

5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсінің нөмірі, электрондық поштасы туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 7

Телефон: +7(727)254-04-37, факс: +7(727)254 04 37 (127)

Электрондық пошта: finances@esalmaty.kz

6. Эмитенттің банктік деректемелері

Банктік шоты №040467909, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ №139900 АОФ, БИК 190551601;

Банктік шоты № 037467574, «Казкоммерцбанк» АҚ, БИК 190501724

7. Эмитенттің қызмет түрлері

Эмитент келесі қызмет түрлерін атқарады:

- 1) энергия өндіретін ұйымдардан немесе орталықтандырылған сауда-саттықта электр энергиясын сатып алады және оны бөлшек тұтынушыларға сатады;
- 2) тұтынушылар мен өндірушілер мүдделерінде нарыққа қатысады;
- 3) белгіленген тәртіпте электр энергиясының тарифін есептейді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарда тарифтерді негіздейді және бекітеді;
- 4) электр энергиясын өндіруші, энергия табыстаушы ұйымдар және тұтынушылар арасында өзара есеп айырысу жүйесін басқарушы функцияларын атқарады;
- 5) электр энергиясын тиімді пайдалану бойынша жұмыстар жүргізеді;
- 6) консалтингтік қызметтер ұйымдастырады және өткізеді, энергетика саласында ғылыми-зерттеу және жобалық-конструкторлық жұмыстарға қатысады;
- 7) Эмитенттің негізгі қызмет түрлеріне қатысты болғандықтан сауда-сатып алу, сауда-өкілдік, сауда-делдалдық қызмет атқарады;

- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа коммерциялық және кәсіпкерлік қызмет түрлері.

8. Эмитентке немесе онымен шығарылған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктермен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктерімен берілген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер.

Эмитентке немесе онымен шығарылған бағалы қағаздарға рейтингтер берілмеді. Эмитент қаржы агенттігінің мәртебесіне ие емес.

9. Эмитенттің барлық филиалдарының және өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері және пошталық мекен-жайлары

Есеп берілген күн бойынша Эмитентте филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

10. Соңғы үш аяқталған қаржы жылы ішінде эмитенттің қаржылық есебінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аудитордың аты-жөні, болса, әкесінің аты), олардың тиісті алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсету қажет

2006ж. және 2007ж. Эмитенттің қаржы есебінің аудитін жүргізген аудиторлық ұйым «Алуа және әріптестер» аудиторлық компаниясы» ЖШС болып табылады. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050020, Чайкин көшесі, 14, e-mail: info@aluaaudit.kz. Осы компания аудиторлық қызметпен айналысу құқығын беретін мерзімсіз мемлекеттік лицензияға ие. Лицензия сериясы МФЮ №0000262, 21.01.2004 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен берілген және ол Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасының мүшесі болып табылады.

1.2-кесте. «Алуа және әріптестер» аудиторлық компаниясы» ЖШС-нен Эмитенттің аудиторлары

№ т/б	Аудитордың аты-жөні	Тиісті алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) кіруі
1	Назарымбетова Гулшат Жоспаровна	«ҚР Аудиторлар палатасы» КАҰ
2	Рахметова Лаура Маратовна	«ҚР Аудиторлар палатасы» КАҰ
3	Абайдуллаева Кульпариза Бекеновна	«ҚР Аудиторлар палатасы» КАҰ
4	Кульчукова Асель Мухамеджановна	«ҚР Аудиторлар палатасы» КАҰ

Уәкілетті органға проспекті ұсынылғанға дейінгі үш жыл ішіндегі тиісті қызметтер көрсетуге шарттар жасалған заң және қаржы мәселелері бойынша кеңесшілердің толық ресми атауы, олардың тиісті алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиесілігін көрсету қажет

Эмитентте заң кеңесшілері жоқ.

Эмитенттің қаржы кеңесшісі «RESMI» Инвестициялық Қаржы Үйі» болып табылады. Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 110 Е, тел.: +7 (727) 266 71 77, 266 70 77, факс: +7 (727) 266 74 00.

«RESMI» Инвестициялық Қаржы Үйі» компаниясы келесі қауымдастықтардың мүшесі болып табылады:

- 1) Қазақстан Қаржыгерлері қауымдастығы;
- 2) Активтерді басқарушылардың қауымдастығы.

Аталмыш тұлғалармен шартты бұзу орын алмады.

11. Эмитенттің корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күні

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Эмитенттен Корпоративтік басқару кодексін қабылдау талап етілмейді.

II. ЭМИТЕНТТИҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

12. Басқару органдарының құрылымы

2.1-кесте. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы

Жоғарғы орган	Қатысушы
Атқарушы орган	Бас директор

Қатысушы:

Эмитенттің жоғарғы органы Қатысушы болып табылады. Қатысушымен қабылданатын әкімшілік өкімдіктер, Қатысушының бұйрықтары және шешімдері жоғарғы орган шешімдерінің мәртебесіне ие және жазбаша рәсімделеді.

Эмитент Қатысушысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер бойынша шешім қабылдау жатады:

- 1) Эмитенттің Жарғысын, сонымен қатар оның Жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту не болмаса Эмитенттің Жарғысын жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Эмитенттің Атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Эмитентті немесе оның мүлкін сенімді басқармаға табыстау туралы шешімді қабылдау және бұндай табыстаудың шарттарын айқындау;
- 3) Эмитенттің Бақылаушы кеңесін және (немесе) Тексеру комиссиясын (тексерушісін) тағайындау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Тексеру комиссиясының (тексерушінің) есептерін және қорытындыларын бекіту (оны құрған жағдайда);
- 4) Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігін бекіту және таза табысты үлестіру;
- 5) Эмитенттің өзге де шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 6) Эмитентті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
- 7) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;
- 8) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Эмитент Қатысушысынан үлесті мәжбүрлі түрде сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 9) эмитенттің барлық мүлкін кепілге салу туралы шешім қабылдау, бірауыздан қабылданады;
- 10) Эмитенттің мүлкіне қосымша жарналарды енгізу туралы шешім қабылдау;
- 11) Эмитенттің аудиторларын бекіту;
- 12) Эмитенттің жылжымайтын мүлкіне өкімдік етумен байланысты мәмілелерді бекіту;
- 13) Эмитент активтерінің жалпы құнының 25% жоғары сомаға Эмитенттің жылжымайтын мүлкіне өкімдік етумен байланысты мәмілелерді бекіту;
- 14) Эмитенттің облигацияларын шығару шарттарын және тәртібін анықтау;
- 15) Эмитенттің Жарғысымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен Қатысушының құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер.

Бас директор:

Эмитенттің атқарушы органы Бас директор болып табылады, ол Эмитенттің барлық қызмет түрлеріне шұғыл басқару жүргізеді. Бас директор өз құзыретінің шегінде:

- 1) Эмитент Жарғысының негізінде Эмитенттің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) Эмитентті таныту құқығын беретін сенімхаттарды, сондай-ақ сенім ауыстыру құқығын беретін сенімхаттарды береді;
- 3) уәкілетті тұлғаға Эмитенттің жұмыскерлеріне қатысты жұмыс берушіні таныту құқығын беретін сенімхатты береді;
- 4) Эмитенттің жұмыскерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау, басқа жерге ауыстыру, жұмыстан босату туралы бұйрық шығарады, еңбекақы төлеу жүйесін

анықтайды, лауазымдық айлықтардың және кәсіби қосымшалардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, тәртіптік жазалау белгілейді және ынталандыру шараларын қолданады;

- 5) Заңнамамен және Эмитенттің жарғысымен белгіленген тәртіпте Эмитенттің атынан мәмілелер жасайды;
- 6) Эмитенттің, оның филиалдарының және өкілдіктерінің құрылымын және штат кестесін бекітеді;
- 7) Эмитент филиалдарының және өкілдіктерінің жұмысын жүйелейді және бағыттайды;
- 8) Эмитенттің ішкі қызметі бойынша шешімдер қабылдайды;
- 9) ішкі ережелерді, оларды қабылдау процедураларын және Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекітеді;
- 10) негізгі қаражаттарды есептен шығару туралы шешім қабылдайды;
- 11) Эмитент өзінің жарғылық қызметін атқару үшін ағымдағы бизнес-жоспарды бекітеді, оған жылдық бюджет және сатып алулар жоспары кіреді;
- 12) Қатысушыға оның сұрауы бойынша келесі ақпаратты ұсынады;
 - Эмитентпен 5000 (бес мың) айлық есеп көрсеткішінен асатын сомаға жасалған шарттар туралы ақпарат;
 - Эмитентке қатысты 5000 (бес мың) айлық есеп көрсеткішінен асатын сомадағы үшінші жақтардың талап-арыздары, наразылықтары туралы ақпарат;
- 13) Эмитент қызметінің барысында орын алатын қарым-қатынастарды нормативтік реттеу қажеттілігі болған жағдайда, мемлекеттік органдардың актілерін қабылдау арқылы сәйкесінше актіні қабылдауды дәлелді негіздеп, Қатысушыға өз ұсыныстарын жібереді және оған ондай шешімнің жобасын тіркейді;
- 14) Жалғыз Қатысушымен келісе отырып, жалғыз Қатысушымен белгіленген номенклатура бойынша Эмитенттің басқарушы жұмыскерлерін тағайындайды;
- 15) Эмитент Қатысушысының шешімдерін жүзеге асырады;
- 16) Эмитенттің Жарғысымен немесе заңнамамен Эмитенттің жалғыз Қатысушысының құзыретіне жатқызылмаған өзге өкілеттіктерді, сонымен қатар оған Эмитенттің жалғыз Қатысушысымен табысталған өкілеттіктерді атқарады.

13. Эмитенттің Директорлар кеңесінің (бақылаушы кеңесінің) мүшелері

31.03.08 ж. Эмитент Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесі қарастырылмаған.

14. Эмитенттің атқарушы органы.

2.2-кесте. Эмитенттің Бас директоры

Аты-жөні және туылған күні	Соңғы 3 жылда атқарған және қазіргі кезде атқарып жүрген, соның ішінде қатар атқарып жүрген қызметі	Төленген жарғылық капиталдағы үлесі	Еншілес ұйымдардағы үлесі
Ақтай Арман 21.10.1969 ж.т.	s 01.12.2006 ж. – қазіргі уақыт – «Алматыэнергосбыт» ЖШС Бас директоры; s 02.2006 ж. – 10.2006 ж. – «КМГ-Сервис» ЖШС Бас директордың Даму жөніндегі орынбасары; s 10.2005 ж. – 02.2006 ж. – «КМГ-Сервис» ЖШС Бас директордың Қаржы және экономика жөніндегі орынбасары; s 10.2003 ж. – 08.2005 ж. – «ТұранӘлем Банкі» АҚ Басқарушы директоры, басқарма мүшесі.	Жоқ	Жоқ

15. Егер Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) табысталса

Атқарушы органның өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) табысталмады.

16. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органының мүшелеріне және Эмитенттің басқа басқарушы тұлғаларына төленген сыйақылар

Облигацияларды шығару туралы шешім қабылданған күнге дейін соңғы үш жылда Эмитенттің басқарушы тұлғаларына (атқарушы органына) төленген сыйақының жалпы мөлшері – 1 650 000 теңге, Облигацияларды шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап келесі оны екі айдың ішінде төленуге жататын жоспарланған сыйақының жалпы мөлшері – 6 600 000 теңге.

17. Эмитенттің ұйымдық құрылымы

1) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, филиалдары және өкілдіктері

Эмитенттің ұйымдық құрылымы 1-қосымшада ұсынылған. 31.03.08 ж. жағдай бойынша Эмитентте филиалдар мен өкілдіктер жоқ.

2) Эмитент жұмыскерлерінің, сонымен қатар Эмитенттің филиалдары және өкілдіктері жұмыскерлерінің жалпы саны

31.03.08 ж. жағдай бойынша Эмитентте 462 жұмыскер бар.

3) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер.

2.3-кесте. 31.03.08 ж. жағдай бойынша Эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер.

Аты-жөні	Туылған күні	Лауазымы/бөлім
Гамбургер Михаил Геннадьевич	17.06.1955	Бас директордың бірінші орынбасары
Искакова Майра Ербалаевна	29.08.1956	Бас директордың Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Бугаева Лариса Густавовна	30.04.1962	Бас директордың Тұтынушылармен жұмыс істеу жөніндегі орынбасары
Чумаков Алексей Григорьевич	03.08.1956	Әкімшілік – шаруашылық департаментінің басқарушысы
Шейкина Ирина Евгеньевна	13.12.1972	Бөлім бастығы / Жұртшылықпен және БАҚ байланыс жөніндегі бөлім
Каюпов Жомарт Жолтаевич	15.08.1979	Қызмет бастығы / Заң қызметі
Исаева Елена Юрьевна	13.12.1968	Бөлім бастығы / Кадрлар бөлімі
Гужев Сергей Васильевич	24.09.1955	Қызмет бастығы / АҚ қызметі
Омарова Шугыла Абдрашовна	03.06.1957	Кеңсе меңгерушісі / Кеңсе
Чурина Елена Саптаевна	05.12.1968	Бас бухгалтер / Бухгалтерия
Валеева Найля Рафаиловна	07.09.1969	Бөлім бастығының м.а. / Қаржы бөлімі
Утеулиева Нина Ералиевна	05.12.1963	Бөлім бастығы / Бюджеттік жоспарлау және экономикалық талдау бөлімі
Оттыгашева Лариса Сергеевна	28.02.1965	Қызмет бастығы / Сатып алулар қызметі
Байкенов Малик Равильевич	04.05.1966	Бөлім бастығы / Шаруашылық бөлім
Боев Александр Юрьевич	12.06.1971	Қызмет бастығы / Автокөлік қызметі
Денисенко Елена Анатольевна	19.05.1961	Қызмет бастығы / Ақпараттық технологиялар қызметі
Севастьянова Ольга Николаевна	06.02.1955	Қызмет бастығы / Маркетинг қызметі
Алматы қаласы бойынша Сату департаменті		
Кучма Татьяна Ивановна	16.11.1953	Алматы қ. бойынша Сату департаментінің басқарушысы
Пак Ольга Петровна	29.10.1973	Қызмет бастығы / Алматы қ. бойынша орталық сату қызметі
Клыков Сергей Владимирович	18.11.1981	Бөлім бастығы / Заң бөлімі
Қалалық бөлімшелер		
Абраменкова Валентина Алексеевна	25.05.1950	Бастық / №1 аудандық электр энергиясын сату бөлімі
Дусетова Гульнар Равильевна	08.05.1963	Бастық / №2; №9 аудандық электр энергиясын сату бөлімі
Гулина Ирина Сергеевна	04.12.1979	Бастық / №4 аудандық электр энергиясын сату бөлімі

Алес Наталья Александровна	24.02.1960	Бастық / №5 аудандық электр энергиясын сату бөлімі
Баймухамедов Тургынбек Серикович	12.10.1972	Бастық / №7 аудандық электр энергиясын сату бөлімі
Облыстық бөлімшелер		
Мусабеков Кинаят Омарбекович	10.07.1960	Бастық / Іле ауданының электр энергиясын сату бөлімшесі
Липская Наталья Инокентьевна	03.05.1954	Бастық / Талғар ауданының электр энергиясын сату бөлімшесі
Глушкова Любовь Петровна	23.05.1953	Бастық / Еңбекшіқазақ ауданының электр энергиясын сату бөлімшесі
Курдупов Владимир Николаевич	08.04.1950	Бастық / Қарасай ауданының электр энергиясын сату бөлімшесі
Малдыбаев Сарсен Дуйсенбекович	14.07.1966	Бастық / Жамбыл ауданының электр энергиясын сату бөлімшесі
Махмутов Новар	01.03.1957	Бастық / Ұйғыр ауданының электр энергиясын сату бөлімшесі
Амреев Оразбек Хамиевич	05.03.1961	Бастық / Балқаш ауданының электр энергиясын сату бөлімшесі
Сыдыкбаев Берик Уйкасович	24.11.1957	Бастық / Райымбек ауданының электр энергиясын сату бөлімшесі
Овсянников Валерий Викторович	24.06.1969	Бастық / Шелек ауданының электр энергиясын сату бөлімшесі

III. ЭМИТЕНТТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ (ҚАТЫСУШЫЛАРЫ) ЖӘНЕ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ

18. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары)

100% қатысу үлесіне ие Эмитенттің жалғыз қатысушысы «КМГ-Энерго» акционерлік қоғамы («КМГ-Энерго» АҚ) болып табылады, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050002, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 7, тел.: +7 727 254 04 29, 254 04 82; факс: +7 727 254 00 43; 227 70 43 (ішк. 20-43).

2) Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы Эмитенттің қызметін бақылауға құқылы тұлғалар туралы мәліметтер.

Эмитенттің қатысушылары болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы Эмитенттің қызметін бақылауға құқылы тұлғалар: «Самрұқ» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ және оның құрамына кіретін «Самрұқ-Энерго» АҚ, оған Эмитенттің Жалғыз Қатысушысы «КМГ-Энерго» АҚ акцияларының 100% тиесілі.

19. Эмитент акциялардың (үлестердің) он және одан артық пайызына ие заңды тұлғалар туралы мәліметтер

31.03.08 ж. жағдай бойынша Эмитент Қазақстан Республикасының аумағындағы, сонымен қатар одан тысқары жердегі басқа ұйымдардың жарғылық капиталында акциялардың (үлестердің) 10% астамын иеленбейді.

20. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат

Эмитент «Самрұқ» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ құрамына кіреді. Эмитенттің Жалғыз Қатысушысы «КМГ-Энерго» АҚ 100% акциялар пакеті 04.01.2008ж. «Самрұқ-Энерго» АҚ жарғылық капиталына табысталды.

21. Эмитенттің басқа аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер

3.1-кесте. 31.03.08 ж. Эмитенттің аффилиирленген заңды тұлғалары

Толық атауы	Мекен-жайы	Қызмет түрі	Басшысы
«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ	Астана қ., Победа даңғылы, 98	Магистральді темір жол желісін иелену және пайдалану	Кулекеев Ж.А.
«Қазпошта» АҚ	Алматы қ., Бөгенбай	Пошта, қаржы, агенттік және	Молдағалиев

	батыр көшесі, 152	трансфер-агенттік қызметтер	Д.Т.
«KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ	Астана қ., Бөгенбай Батыр даңғылы, 7	ҚР бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің операторы	Саткалиев А.М.
«Қазақтелеком» АҚ	Астана қ., Абай көшесі, 61	Қазақстанның жетекші телекоммуникациялық операторы	Жумағалиев А.К.
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ	Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 7	Мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру	Карабалин У.С.
«Академик Чокин Ш.Ч.ат. қазақ энергетика ғылыми-зерттеу институты» АҚ	Алматы қ., Байтұрсынов көшесі, 85	Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу	Абдуллаев К.А.
«Электр энергиясы және қуаты нарығының қазақстандық операторы» АҚ («ҚЭКНО» АҚ)	Астана қ., С.Сейфуллин көшесі, 27/3	Электр энергиясының орталықтандырылған саудасаттығын ұйымдастыру бойынша монополист	Тиесов С. А.
«Эйр-Астана» АҚ	Астана қ., Самал ы/а, 12-үй, «Астана тауэр» б/о	Әуе тасымалдаулары	Питер Фостер
«Казмортрансфлот» Ұлттық теңіз кеме жүзетін компаниясы» АҚ	Ақтау қ., Приморский парк, «Теңіз» б/о	Барлық түрдегі жүктерді, мұнайды және мұнай өнімдерін, бас жүктерді, контейнерлерді, жолаушыларды тасымалдау, барлық кеме, баржа, қалқымалы док түрлерін жасау, пайдалану, жөндеу, сатып алу, делдалдық қызмет көрсету.	Орманов М.К.
«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ	Астана қ., Әуезов көшесі, 36	Ауыр машина жасау, кеме жасау, сонымен қатар авиациялық өнеркәсіпке арналған бұйымдарды жинау	Косунов А.О.
«Майкаинзолото» АҚ	Павлодар обл., Майқайын ауылы, Чкалов көшесі, 13	Минералды шикізатты барлау, өндіру және бағалы металдардың кендерін байыту	Гольцов В.П.
«Павлодар әуежайы» АҚ	Павлодар қ., Әуежай	Азаматтық әуе кемелерін, жолаушыларды қабылдау, жөнелту және қызмет көрсету, багажды, жүктерді, поштаны өңдеу, қарау және бақылау; аэродром, әуежай, аэронавигация және т.б. объектілерді жөндеу, пайдалану және т.б.	Юдин В.И.
«Ақтөбе Халықаралық әуежайы» АҚ	Ақтөбе қ., Авиақалашық	Азаматтық әуе кемелерін, жолаушыларды қабылдау, жөнелту және қызмет көрсету, багажды, жүктерді, поштаны өңдеу, қарау және бақылау; аэродром, әуежай, аэронавигация және т.б. объектілерді жөндеу, пайдалану және т.б.	Аманбаев Б.К.
«Самрұқ-Энерго» АҚ	Алматы қ., Достық даңғылы, 7	Энергетика саласында мемлекеттік активтерді басқару	Упушев Е.Е
«Бұқтырма гидроэлектростанциясы» АҚ	Шығыс Қазақстан облысы, Зырянов ауданы, Серебрянск қ., Графтио көшесі, 5	Электр энергиясын өндіру және оны тұтынушыларға сату	Рубцов С. Н.
«Шұлбі ГЭС» АҚ	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Аблакетка ауылы	Ұйымдық-басқарушылық, коммерциялық және басқа қызмет	Волков В.Ф.
«Өскемен Гидроэлектростанциясы» АҚ	Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Аблакетка ауылы	Ұйымдық-басқарушылық, коммерциялық және басқа қызмет	Волков В.Ф.
«Маңғыстау электр желілік тарату компаниясы» АҚ	Ақтау қ., Құс фабрикасы ауданы	Электр энергиясын жеткізу және тарату	Сулейменов С.Ж.
«ҚазҚуат» АҚ	Алматы қ., Шевченко	Энергия өндіруші ұйымдарды салу,	Дукенбаев

	көшесі, 162 Ж, 417-офис	қалпына келтіру және жаңарту жұмыстары	К.Д.
«Екібастұз энергоорталығы» АҚ	Павлодар облысы, Екібастұз қ., Қонаев даңғылы, 1	Сауда-коммерциялық, сыртқы экономикалық қызмет	Сайфутдинов Р.Я.
«Т.И. Батуров ат. Жамбыл МАЭС» АҚ	Тараз қаласы	Электр энергиясын өндіру, табыстау және реттеу	Кокарев В.П.

3.2-кесте. 31.03.08 ж. Эмитенттің аффилирленген жеке тұлғалары

Аты-жөні	Туылған жылы	Тұрғылықты жері	Ескерту
Ақтай Арман	21.10.1969	Алматы қ., Самал-2 ы/а, 21-үй, 37-пәтер	«Алматыэнергосбыт» ЖШС Бас директоры
Қалыбекова Асма Ахметовна	03.08.1945	Шымкент қ., Шағын Самал ы/а, Тоғызбаев к-сі, д.20.	шешесі
Молдабаева Асель Умурбаевна	04.05.1980	Алматы қ., Самал-2 ы/а, 21-үй, 37-пәтер	әйелі
Ақтай Ақжан	23.08.1995	Алматы қ., Самал-2 ы/а, 21-үй, 37-пәтер	ұлы
Ақтай Ануар	12.04.2005	Алматы қ., Самал-2 ы/а, 21-үй, 37-пәтер	ұлы
Ақтай Чингиз	08.12.2006	Алматы қ., Самал-2 ы/а, 21-үй, 37-пәтер	ұлы

22. 2007 жылы аффилирленген тұлғалармен жасалған мәмілелер

3.3-кесте. Эмитенттің 2007 жылы аффилирленген тұлғалармен жасаған мәмілелері

Толық атауы	Шарт нөмірі және жасалған күні	Шарт мәні	Шарттың қолданылу мерзімі	Шешімді қабылдаған эмитенттің органы
«Қазпошта» АҚ	Шарт №07-07-300, 18.06.2007ж.	Пошта байланысы қызметтері: Тапсырыс беруші клиенттерінің мекен-жайлары бойынша хат-хабарларды және сауқаттарды қабылдау, өңдеу, қайта жіберу және жеткізу; қосымша қызметтер (қайтарылған пошта жөнелтілімдерін сақтау, өңдеу және беру)	18.06.2007-әрбір келесі жылы ұзарту	Ақарушы орган
«Қазақтелеком» АҚ	Шарт №4009/СС, 01.08.2007 ж.	Телекоммуникация қызметтерін ұсыну	01.08.2007-31.12.2007	Ақарушы орган
«KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ	Шарт №124-РЭМ/13-Д-1010, 20.11.2007 ж.	Электр қуатын реттеу бойынша қызметтер көрсету (ауыспалы құраушы)	01.12.2007-31.12.2007	Ақарушы орган
«KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ	Шарт №96 ТТД/13-Д-522, 06.06.2007 ж.	Электр энергиясын таратуды және тұтынуды техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көрсету	01.05.2007-31.12.2007	Ақарушы орган
«KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ	Шарт №125 ТПП/13-Д-1193, 27.12.2007 ж.	Электр энергиясын транзиттеу	01.01.2008-31.12.2008	Ақарушы орган

«KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ	Шарт №101 ТТД/13-Д-1194, 27.12.2007 ж.	Электр энергиясын таратуды және тұтынуды техникалық диспетчерлеу	01.01.2008-31.12.2008	Ақарушы орган
«Электр энергиясы және қуаты нарығының қазақстандық операторы» АҚ («ҚЭКНО» АҚ)	Шарт №УЦТ-8-Э-402, 14.12.2007 ж.	Электр энергиясының орталықтандырылған саудасаттығын ұйымдастыру және өткізу	01.01.2008-31.12.2008	Ақарушы орган
«Т.И. Батуров ат. Жамбыл МАЭС» АҚ	Шарт №317, 16.08.2007 ж.	Электр энергиясын сатып алу-сату	16.08.2007-31.12.2007	Ақарушы орган
«Т.И. Батуров ат. Жамбыл МАЭС» АҚ	Шарт №456, 19.11.2007 ж.	Электр қуатын реттеу бойынша қызметтер көрсету (тұрақты құраушы)	20.11.2007-31.12.2007	Ақарушы орган
«Т.И. Батуров ат. Жамбыл МАЭС» АҚ	Шарт №512, 24.12.2007 ж.	Электр энергиясын сатып алу	01.01.2008-31.12.2008	Ақарушы орган
«Т.И. Батуров ат. Жамбыл МАЭС» АҚ	Шарт №513, 24.12.2007 ж.	Қуатты реттеу	01.01.2008-31.03.2008	Ақарушы орган
«Алматы электр станциясы» АҚ	Шарт №07К0083У, 01.02.2007 ж.	Электр энергиясын сатып алу-сату	01.02.2007-31.12.2007	Ақарушы орган
«Алматы электр станциясы» АҚ	Шарт №07К0874 У, 28.12.2007 ж.	Электр энергиясын сатып алу	01.01.2008-31.12.2008	Ақарушы орган
«Алматы Пауэр Консолидейтед» АҚ	Шарт №08У/0001, 27.12.2007 ж.	Электр энергиясын транзиттеу	01.01.2008-31.12.2008	Ақарушы орган

1) 18.06.2007ж. «Қазпошта» АҚ жасалған №07-07-300 Шарт бойынша сома 684 000 теңгені құрайды (ҚҚС қосқанда);

2) 01.08.2007ж. «Қазақтелеком» АҚ жасалған №4009/СС Шарт бойынша сома 1 253 744,64 теңгені құрайды (ҚҚС қосқанда).

Аффилиирленген тұлғалармен жасалған Эмитенттің басқа шарттары бойынша сома көрсетілмеген, өйткені олар бойынша талаптар электр энергияға тарифтер шамасына және электр энергия көлеміне байланысты анықталады.

IV. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

23. Эмитент қызметіндегі жалпы үрдістердің, сонымен қатар Эмитенттің негізгі қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы

Эмитент өз қызметін электр энергетикасы саласында атқаратын ескере отырып, осы тармақта Қазақстан Республикасының энергетикалық секторына шолу жасалған.

Қазақстанның электр энергиясының рыногы екі деңгейден тұрады – электр қуаты және энергиясының көтерме рыногы (ЭҚЭКР) және аймақтық электр энергиясының рыноктары.

Республикада электр энергиясының негізгі бөлігі 37 жылу электр станцияларында өндіріледі, олар Екібастұз, Майкүбі, Торғай және Қарағанды бассейндерінің көмірлерінде жұмыс істейді.

Географиялық қатынаста Қазақстанның аумағын үш негізгі аймаққа бөлуге болады:

1) **Солтүстік және Орталық аймақ**, оған Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай және Павлодар облыстары кіреді, олардың энергетика шаруашылығы жалпы желімен біріккен және Ресеймен дамыған байланысқа ие;

2) **Оңтүстік аймақ**, оған Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары кіреді, олар жалпы электр желісімен біріккен және Қырғызстанмен және

Өзбекстанмен дамыған байланысқа ие. 1998 ж. Оңтүстік өңір Солтүстік аймақпен қатар жұмыс істеуге қосылған;

3) **Батыс аймақ**, оған Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары кіреді, олардың энергетика шаруашылығы Ресеймен электр байланысқа ие. Бұл ретте Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары жалпы электр желісімен біріккен, ал Ақтөбе облысының энергетика шаруашылығы оқшауланған.

4.1-кесте. Жалпы пайдаланыстағы электр желілердің ұзындығы

Кернеуі 1 150кВ	1,4 мың км
Кернеуі 500 кВ	5,5 мың км астам
Кернеуі 220кВ	20,2 мың км астам
Кернеуі 110 кВ	шамамен 44,5 мың км астам
Кернеуі 35 кВ	62 мың км астам
Кернеуі 6-10 кВ	204 мың км астам

4.2-кесте. Қазақстан Республикасында энергия өндіру және тарату*

		2004 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.
Электр энергияны өндіру және тарату,	млн. тг.	167 532	176 314	224 068	283 599
	млн. кВт.ч	66 820,3	67 919,7	71 668,5	76 145,4

*ҚР Статистика жөніндегі агенттігі

4.2-кестеден көріп тұрғандай Қазақстанда өндіріс көлемі және энергияны тарату тұрақты түрде артып келеді. 2007 жылы 2006 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда Қазақстанда энергияны өндіру және тарату ақшалай түрде 26,6% және физикалық мәнде 6,2% өскен.

Қазақстанның энергетикалық рыногында негізгі реформалар 90 жылдардың ортасында өткізілді. Осы реформалардың негізгі элементтерінің бірі 1995 жылғы «Электр энергетикасы туралы» заң күшіне ие Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы және 19996 жылғы Электр энергетикасындағы жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасы болды. Елдің энергетикалық жүйесін оңтайландыру және тиімділігін арттыру мақсатында ұлттық электр желісі, сонымен қатар тәуелсіз энергия өндіретін компаниялар және аймақтық электр желілерін таратушы компаниялар құрылды. Бүгінгі таңда энергетика саласында үш негізгі құрамбөлік бар: өндіріс, тасымалдау және тарату. Салыстыра айтатын болсақ, Ресей рыногы дәл сондай реформаларды бастан кешіріп отыр, бірақ оларда осы саланы қайта құрылымдау енді ғана аяқталып келе жатыр, алайда ресейлік тарату компанияларының табысты тәжірибесі инвесторлар электр энергетикасына инвестицияларды капиталды салу үшін жеткілікті тиімді бағыт ретінде қарайтынын көрсетіп отыр.

Электр энергетикасы саласын кешенді дамыту үшін ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі (одан әрі – ЭМРМ) мүдделі мемлекеттік органдармен және "Самұрқ" Холдингі" АҚ бірлікте Электр энергетикасы саласын дамытудың 2007-2015 ж.ж. арналған шаралар жоспарын (бұдан әрі - Жоспар) әзірледі. Жоспар 2007 жылғы 31 мамырда Премьер-министрдің қаулысымен бекітілді. Жоспарды жүзеге асыру Қазақстанға электр энергиясына деген өзінің қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймау, сонымен қатар осы стратегиялық маңызды ресурстың экспорт көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Жоспарға сәйкес электр энергетикасына қажетті инвестиция көлемі 14,8 млрд. долл. (1,8 трлн. теңге) құрайды. Жоспардың жобаларымен қолданыстағы қуат көздерін қалпына келтіру, жаңарту және жаңа қуат көздерін, Ұлттық электр желісінің және өңірлік электр желілік компаниялардың нысандарын салу бойынша нақты шаралар қарастырылған және әрбір нысан бойынша қаржыландыру көлемі және көзі, пайдаланысқа енгізу мерзімі көрсетілген. Бағдарламаның негізгі қаржыландыру көзі ретінде мемлекеттік бюджеттің қаражаттары қарастырылады (шамамен 30%), тағы 30% - тарифтерді көтеру және қор рыноктарында инфрақұрылымдық облигацияларды орналастыру арқылы қалыптасатын осы саладағы кәсіпорындардың меншікті қаражаттары. Жобаның қалған бөлігі мемлекеттік-жеке әріптестік есебінен жүзеге асырылады. Электр энергетикасы саласын дамыту бойынша шаралар жоспарына сәйкес 23 электр станциясы қалпына келтіріп, кеңейтілуі қажет. Кеңейту есебінен станцияның белгіленген

қуаты 2,7 мың МВт ұлғаяды. Министрлік алдында тұрған барлық міндеттер кешенін жүзеге асыру үшін электр энергиясына тарифтер жылына 10- 15 % өсетін болады.

ЭМРМ 2015 жылға дейін болжаланған жалпы республика және облыстар бойынша Қазақстанның БЭЖ электр энергиясын және қуатын өндіру және тұтыну балансы, қалпына келтірілуі, жаңартылуы және кеңейтілуі қажет электр энергетика нысандарының тізбесі және 2007-2015 жылдары салынуы қажет жаңа энергетикалық нысандардың тізбесі бар. Жоспарға сәйкес электр желілік құрылыс және жалпы қуаты 8100 мВт болатын жаңа қуаттарды пайдаланысқа ендіру қарастырылған, оның ішінде жаңа станцияларды салу есебінен - 5400 мВт, станцияларды кеңейту есебінен - 2700 мВт. Жалпы 13 млрд. долл. сомаға энергия өндіретін 54 нысанды салу жоспарланып отыр, ал ұлттық электр желісі бойынша 7 нысан, олардың жалпы сомасы 1,6 млрд. долл. құрайды. Тарату желілерін жаңарту үшін 7 млрд. долл. астам қаражат талап етіледі. Осылайша алға қойылған шараларды жүзеге асыру үшін 2015 жылға дейін электр энергетикасы саласына 21 млрд. долл. кем емес инвестициялар тарту жоспарланып отыр. Осының барлығы 2015 жылға дейін электр энергиясын өндіруді 127 млрд. кВт/с дейін жеткізуге мүмкіндік береді, ал оны тұтыну 124 млрд. кВт/с шамасында жоспарланып отыр.

4.3-кесте. Қазақстанда электр энергиясын өндіру және тұтыну, млрд. кВт.ч

	2003	2004	2005	2006	2007
Өндірілген электр энергиясы	63,82	66,89	67,8	71,66	76,36
Тұтынылған электр энергиясы – барлығы	62,15	65,055	67,72	71,88	76,42
Қазақстан Республикасынан тыс алынған	2,45	3,48	3,52	3,96	3,37
Республикадан тысқары жөнелтілген	4,12	5,32	3,65	3,73	3,31
Жалпы пайдаланыстағы желілерде жоғалуы	7,08	6,84	6,945	6,65	н/д

ҚР Статистика жөніндегі агенттігі, ҚР ЭМРМ

4.3-кестеден көріп тұрғанымыздай электр энергиясын өндіру 2006 жылмен салыстырғанда 6,7%-ға өсті және 76,36 млрд. кВтч құрады. Электр энергиясын тұтыну 76,42 млрд. кВтч құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 6,5%-ға жоғары. 2007 жылы мынадай электр станцияларында электр энергиясын өндіру мөлшері ұлғайтылды: Жамбыл МАЭС – 3,0 млрд. кВтч (2006 жылғы өңдеуден 2 есе көп); «Миталл Стил Темиртау» АҚ (ЖЭО-2) – 2,57 млрд.кВтч (2006 жылғы қатынас бойынша 27,8%-ға өскен); Актурбо ГТУ – 702,3 млн.кВтч (2006 жылмен салыстырғанда 25,2%-ға өскен); МАЭК – 3,7 млрд.кВтч (2006 жылмен салыстырғанда 12,6%-ға өскен).

Электр энергиясын тұтыну Ақмола облысы бойынша – 14,9%, Маңғыстау облысы бойынша – 13,0% және Жамбыл облысы бойынша – 12,3% құрады. Электр энергиясын импорттау 3,37 млрд.кВтч құрады (соның ішінде Ресейден –2,15 млрд.кВтч, Орталық Азиядан – 1,22 млрд.кВтч) және өткен жылға қарағанда 14,8% -ға төмендеді. Электроэнергиясын экспорттау 3,31 млрд. кВтч құрады, өткен жылмен салыстырғанда 11,4%-ға төмендеген. Экспорттық-импорттық операциялардың төмендеуі ішкі нарықта электр энергияны тұтыну жоғарылауға және Қазақстанның батысында (Орал ЖЭО, Атырау НПЗ ЖЭО және «Теңізшевройл» ЖЖШ орнатылған газқұбыр орнатпалары) генерацияланатын қуат енгізуге байланысты.

Электр энергетиканың аймақтық нарығы, ондағы Эмитенттің рөлі мен орны.

Эмитент Алматы қаласының және Алматы облысының аймағындағы тұтынушыларды электрмен жабдықтау бойынша қызмет атқаратын жалғыз компания болып табылады. Эмитент «Электроэнергетика туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 9 шілдесіндегі №588-ІІ Заңына сәйкес, электрмен жабдықтағыштан электр энергиясын беру бойынша бөлу функциясын қарастыратын электрмен жабдықтаушы ұйым ретінде құрылған. Эмитент, «Алматы Пауэр Консолидэйтед» АҚ («АПК» АҚ) берілгендерді қабылдап, электр энергиясын өткізу функциясы бойынша оның жалғыз жеткізушісі болып табылады және

Алматы қаласының және Алматы облысының 8 әкімшілік аудандарының тұтынушыларын электрмен қамтамасыз етуді жүзеге асырады.


Осылай, Эмитент Алматы облысы мен Алматы қаласында «электр энергиясын қайта сату мақсатында сатып алу» қызметінің түрі бойынша бәсекелестерге ие емес және осы аймақта басымдық жағдайды болып табылады. Осылай, Эмитент Индустрия және сауда Министрлігінің бәсекелестіктен қорғау бойынша Комитетінің 2006 жылғы 7 қарашадағы №253-ОД бұйрығымен электрмен жабдықтау бойынша тауарлық нарықта басым (монополиялық) орынды алатын нарық субъектісінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген.

Эмитент қызметінің нарықтық схемалық құрылымы төменде берілген (4.1-сурет).



4.1-кесте – Эмитент нарығының құрылымы

Алматы қаласында және Алматы облысының өңірінде электр энергиясын ірі тұтынушылар негізінен халық болып табылады. Статистикаға (4.2-сурет) сүйенсек, Алматы қаласында бір тұрғынға шаққанда тәулігіне электр энергияны тұтыну Республика бойынша салыстырғанда жоғары.



4.2-сурет – Қазақстан Республикасы тұрғындарының электр энергияны тұтынуы, 1 тұрғынға тәулігіне кВт. сағ. шаққанда

Алматы қаласының және Алматы облысының тұтынушыларын Эмитенттің электрмен жабдықтауы электр энергиясын беруді және таратуды жүзеге асыратын «АПК» АҚ және «KEGOC» АҚ электр желілері бойынша жүзеге асырылады.

«АПК» АҚ өз қызметінің аймағында – Алматы қаласы және Алматы облысы – халық, өндірістік және ауылшаруашылық кәсіпорындар үшін электр энергиясын тасымалдау және тарату бойынша республиканың оңтүстігінде ең ірі энергетикалық жүйе болып табылады. «АПК» АҚ баланстық жабдығына түрлі кернеу класындағы электр желілері кіреді: 220-110-35-10-6-0,4 кВ.

Компания құрамына кіретіндер:

- § Кернеуі 220 кВ, ұзақтылығы 306,4 км болатын электр берудің әуе желілері;
- § ұзақтылығы 2640,9 км болатын 110 кВ әуе желілері;
- § кернеуі 35 кВ болатын электр желілері – жалпы ұзақтылығы 2659,1 км болатын әуе және кабельді желілер;
- § 10/0,4 кВ электр беру желілерін тарату 102,9 км құрайды.

«АПК» АҚ балансына кіретіндер:

- § кернеуі 35 кВ және одан жоғары болатын 208 қосалқы станция;
- § кернеуі 6-10/0,4 кВ болатын 8 192 таратылатын трансформаторлық қосалқы станциялар;
- § жиынтық қуаты 6 567 МВА болатын 6-220 кВ трансформаторлардың жалпы саны – 9 876.

Алматы қаласында және Алматы облысында жылу- және электр энергиясын шығаратын жалғыз негіз болып, Алматы қаласының және облысының шамамен 60% қажеттілігін қанағаттандыратын «Алматы электр станциясы» АҚ («АлЭС» АҚ) табылады. Осы аймақты жабдықтайтын қалған негіздер болып Солтүстік, Шығыс, Оңтүстік және Орталық Азия электр көздері табылады (1-суретті қараңыз).

«АлЭС» энергия кешенінің құрамына кіретіндер: ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3, Батыс жылу кешені, Қапшағай ГЭС, Алматы ГЭС Каскады, «Энергоремонт» өндірістік-жөндеу кәсіпорны және ЦПВТ. Алматы станцияларының жалпы орнатылған электрлік қуаты 1239 МВт құрайды. 2006 жылы электр энергиясын өндіру 4, млрд. кВт/ч құрады.

Қазіргі уақытта аймақта электр энергиясын генерациялайтын қосымша Мойнақ ГЭС объектісін салу жүзеге асырылуда екендігін айта кеткен жөн, оның құрылысын аяқтау 2009 жылдың соңына жобалануда. Осы жобаны жүзеге асыру шамамен 300 МВт электр қуатын алуы керек. Сонымен қатар Балқаш ТЭС салуды бастау жобалануда, оның бірінші модулін 2013 жылы және екінші модулін 2016 жылы енгізу жоспарлануда. ТЭО сәйкес станция қуаты 2 640 МВт құрайды.

Осылай, Балқаш ТЭС, Мойнақ ГЭС салу және Екібастұз ГРЭС-2 үшінші энергоблок енгізу Алматы қаласындағы және жақын жердегі аймақтардағы электр энергиясының жетіспеушілігін жабады.

Аймақтағы қолданыстағы энергетикалық объектілерді жаңартуға қатысты қаланың негізгі электр көзі бойынша электр энергиясының қуатын 100 МВт жоғарылатудың бірінші кезеңінде қарастырылатын ЖЭО-2-де «Қайта құру және кеңейту, III кезек» ТЭО орындалған. Толықтай алғанда ЖЭО -2-нің электр қуатын 340 МВт-қа, ал жылу қуатын 1000 Гкал / сағ дейін жоғарылату жобалануда.

Сонымен қатар қазір жаңа электр желілік объектілерді жаңарту және салу бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2007 жылдан бастап 47,0 млрд. теңге мөлшерінде күрделі салымдары бар 28 қосалқы станцияларды жаңарту және енгізу бойынша жұмыстар басталды. 2007 жылы шығын мөлшері 11,0 млрд. теңгені құрайтын 12 қосалқы станция бойынша жұмыстар жүргізілді. Бұл жағдайда, қосалқы станциялардың жартысы жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылды. Алматы қаласының жанына кернеуі 220 Кв болатын екі ірі қосалқы станциясы бар электр сақинасын салу қарастырылған.

2004 жылы басталған тағы бір ең ірі жобалардың бірі ұзақтылығы 1 115 км болатын «Солтүстік-Оңтүстік» транзитінің электр беру қуаты 500 кВ құрайтын екінші желіні салу болды. Жобаның құны 41,4 млрд. теңгені құрады, жоғары вольтті желіні енгізу мерзімі – 2008–2009 жж.

Жоғарыда аталған барлық жобаларды жүзеге асыру сөзсіз, электр энергиясын жеткізудің және тасымалдаудың сенімділігін, және олардың мөлшерінің жоғарылауын қамтамасыз ете отырып, Эмитенттің қызметіне оң әсерін тигізеді.

24. Эмитент қызметіне елеулі әсерін тигізуі мүмкін эмитентпен жасалған келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер

4.4-кесте. Эмитенттің маңызды келісім-шарттары туралы ақпарат

	Контрагенттің атауы	Деректемелері	Келісім-шарт/шарт мәні	Күшінде болу мерзімі
1	«Алматы Пауэр Консолидэйтед» АҚ	№ 08У/0001, 27.12.07ж.	Электр энергиясын табыстау және тарату бойынша қызметтер көрсету.	31.12.2008ж.
2	«Алматы электр станциясы» АҚ	№ 07К0874У, 28.12.07ж.	Электр энергиясын сатып алу-сату	31.12.2008ж. дейін
3	«Т.И. Батуров ат. Жамбыл МАЭС» АҚ	№ 512, 24.12.07ж.	Электр энергиясын сатып алу-сату	31.12.2008 ж. дейін
4	«ЕкібастұзЭнергоТрейд» ЖШС	№ Э-08/08, 26.03.2008ж.	Электр энергиясын сатып алу-сату	30.06.2008 ж. дейін
5	«Т.И. Батуров ат. Жамбыл МАЭС» АҚ	№ 513, 24.12.07ж.	Қуатты реттеу бойынша қызметтер көрсету	31.12.2008 ж. дейін
6	«KEGOC» АҚ	№ 125 ТПП/13-Д-1193, 27.12.07ж.	Электр энергиясын аймақаралық деңгейдегі желілер бойынша табыстау жөніндегі қызметтер.	31.12.2008 ж. дейін
7	«KEGOC» АҚ	№ 101 ТТД/13-Д-1194, 27.12.07ж.	Электр энергиямын таратуды және тұтынуды техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көрсету.	31.12.2008 ж. дейін
8	«KEGOC» АҚ	№ 60-ОБР/13-Д-233, 13.02.08ж.	Қазақстанның БЭЖ электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгеруді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету.	31.12.2008 ж. дейін
9	«ҚЭҚНО» АҚ	№ УЦТ-8-Э-402, 14.12.07ж.	Электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарығына қатысу.	31.12.2008 ж. дейін
10	ООО «For Link LLC»	№ 01-16-129-У, 28.12.07ж.	Қуатты реттеу бойынша қызметтер көрсету.	31.12.2008 ж. дейін

25. Эмитенттің қызметін атқару үшін алынған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар туралы мәліметтер

2006 жылғы 5 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен келесі қызмет түрлерімен айналысуға рұқсат беретін № 000656 мемлекеттік лицензия берілді: қайта сату мақсатында электр энергиясын сатып алу (бас, лицензияланатын қызмет бойынша жыл сайын есептілік ұсынумен).

26. Соңғы екі жыл ішіндегі немесе Эмитент нақты қызмет атқарған кезең ішіндегі сатылған өнімдердің (атқарылған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) көлемі

4.5-кесте. Сатылған тауарлардың (көрсетілген қызметтердің) көлемі, мың кВтч

Өнімнің атауы	2006 г.* (қараша- желтоқсан)	2007 ж.	2008 ж. (қаңтар-наурыз)
Электр энергиясы	784 524	4 765 199	1 432 120

* Эмитент өз қызметін 2006 жылы бастады.

Эмитент өз қызметін 2006 жылдың наурыз айында бастағандықтан жылдар бойынша салыстыру арқылы көрсеткіштер динамикасын көрсету мүмкін емес. Егер физикалық мағынада Эмитенттің сатылған өнім (жасалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер) көлемінің өзгеруін бағаласақ, онда 31.03.08ж. 31.12.06 жылына қарағанда оның көбейтуі 82,5% құрады.

27. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар

Эмитент сатылымдарының табыстығына оң әсер ететін факторлар:

- § Эмитент өз аймағында басымдық жағдайды болып табылады;
- § Алматы қ. және Алматы облысында электр энергиясын тұтынудың ұлғаюы, бұл осы өңірде өнеркәсіптік өндірістің ұлғаюы есебінен заңды тұлғалар тарапынан, сонымен қатар өңірдегі тұрғындар санының өсуі есебінен жеке тұлғалар тарапынан орын алып жатқан құбылыс;
- § Электр энергиясын өндірудің және тасымалдаудың жаңа нысандарын салу және пайдаланысқа енгізу;
- § Эмитенттің акционерлік капиталы мемлекеттің меншігінде, осыған орай мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі.

Эмитент сатылымдарының табыстығына теріс әсер ететін факторлар:

- § Өңірдегі энергетикалық инфрақұрылымның көптеген негізгі нысандары ескірді, жабдықтарды жаңарту және/немесе айырбастау қажет;
- § Электр энергиясын тұтынушылардың берешегі, негізінен уақытылы және жеткіліксіз қаржыландырмау салдарында берешектері туындайтын су шаруашылығындағы және бюджеттік ұйымдар;
- § Қазақстан Республикасының нарығында электр энергиясының тапшылығы.

28. Эмитенттің өз өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) өткізуді ұйымдастыру бойынша қызметі

Эмитент 31.03.2008 ж. жағдай бойынша 659 739 тұтынушыны электр энергиясымен қамтамасыз етеді, соның ішінде:

- § жеке тұтынушылар – 635 710;
- § заңды тұлғалар – 21 029

Эмитент өзара есеп айырысуларды электр энергиясымен қамтамасыз ету шарттарының негізінде жүргізеді, ондай шарттардың талаптары барлық санаттағы тұтынушылар үшін бірдей және олар қолданыстағы заңнаманың талаптарына, нормативтік актілерге қатаң сәйкестікте жасалған. Әр түрлі деңгейдегі бюджеттерден қаржыландыратын ұйымдармен жасалған шарттарда Республикалық және жергілікті бюджеттерді пайдалану ережелерінің талаптары ескерілген, атап айтқанда:

- § Заңды тұлға болып табылатын тұтынушылар тұтынылған электр энергиясының ақысын шарттардың талаптарына сәйкес төлейді;
- § Тұрғындар пайдаланылған электр энергиясының ақысын Жария шартқа сәйкес ағымдағы айдың соңғы күніне дейін төлейді.

Шарт талаптарының сақталуын қатаң бақылай отырып, Эмитент тұтынушылар тарапынан пайдаланылған электр энергиясының 100% төлеуіне және тұтынушылардың мерзімі кешіктірілген берешектерінің азаюына қол жеткізді.

4.6-кесте.2007ж. электр энергияны тарату, мың. кВтч

	Алматы қ.,	Алматы облысы	Барлығы
Тұрғындар	981 765	516 062	1 497 827
Өнеркәсіп	1 026 106	450 739	1 476 846
Бюджеттік ұйымдар	188 177	100 289	288 465
Өзге	1 157 118	344 944	1 502 061
Жиыны	3 353 165	1 412 034	4 765 199

4.7-кесте. 2007ж. пайдалы таратудағы үлес, %

	Алматы қ.,	Алматы облысы	Барлығы
Тұрғындар	29	37	31
Өнеркәсіп	31	32	31
Бюджеттік ұйымдар	6	7	6
Өзге	34	24	32
Жиыны	100	100	100

1) Жеткізу көлемінің он және одан астам пайызы тиесілі эмитенттің жеткізушілерінің атауы және орналасқан жері, олардың үлесін пайызда көрсету. Болашақта осыларға қол жетімділікке қатысты болжамдар көрсетілуі қажет;

4.8-кесте. 31.03.08 ж. жағдай бойынша жалпы жеткізу көлемінің 10% және одан астам пайызы тиесілі Эмитенттің және оның еншілес компанияларының жеткізушілері

Атауы	Орналасқан жері	Жеткізу нысаны	Сомасы, мың теңге	Барлық жеткізулердегі үлесі
«Алматы электр станциясы» АҚ	Алматы қ., Достық дан., 7 тел.254-03-31	Электр энергиясы	3 590 211	33,07%
«Т.И. Батуров ат. Жамбыл МАЭС» АҚ	Тараз қ. 8-7262-43-33-39	Электр энергиясы	2 052 799	18,5%
«Микамиди-Интеграция» ЖШС	Алматы қ., Клочков к-сі 123, оф.14 тел. 263-50-03	Электр энергиясы	817 554	7,53%
«АПК» АҚ	Алматы қ., Манас к-сі 24Б тел. 376-18-52	электр энергиясын табыстау бойынша қызметтер	3 851 746	35,47%
«KEGOC» АҚ	Астана қ., Бөгенбай батыр к-сі, 7. тел. 8-7172-31-95-22	электр энергиясын табыстау бойынша қызметтер	619 077	5,43%
Жеткізу жиыны			11 137 191*	100%

*ҚҚС-пен қоса

Эмитент болашақта жеткізулерге қатысты қиындықтар туындайды деп есептемейді.

2) Эмитенттің өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) сатудан түсетін жалпы түсімнің он және одан астам пайызы тиесілі тұтынушылардың атауы және орналасқан жері, жалпы сату көлеміндегі олардың үлестерін пайызда көрсету. Эмитенттің өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуға әсер етуі мүмкін ықтимал теріс факторлар көрсетілуі қажет.

4.9-кесте. 31.03.08 ж. жағдай бойынша жалпы өнімдерді сату көлемінің 10% және одан астам пайызы тиесілі Эмитенттің тұтынушылары

Тұтынушы атауы	Орналасқан жері	Сомасы, мың теңге, ҚҚС қоспағанда	Жалпы түсімдегі үлесі, %
Тұрғындар	Алматы қ., Алматы облысы өңірі	3 235 324	31,82%
«Алматы халықаралық әуежолы» АҚ	Алматы қ., Майлик к-сі, 2	93 532	0,92%

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	Алматы қ., Фурманов к-сі, 127 (Астана қ., Мәскеу к-сі, 58)	67 973	0,67%
«КазФерроСталь» ЖШС	Алматы қ., Іле к-сі, 17-тас жолы	55 763	0,55%
«Алматы ауыр машина жасау зауыты» АҚ («ААМЗ» АҚ)	Алматы қ., Төле би к-сі, 189	51 538	0,51%
«Кастинг» ЖШС	Алматы қ., Манас к-сі, 54/45	42 134	0,41%
